

V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 3-13 сәуір, 2018 жыл

«ҒАЛАМДЫҚ ӘЛЕМДЕГІ ҚАЗІРГІ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ» атты
халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 7 сәуір 2018 жыл

V МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 3-13 апреля 2018 года

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
«СОВРЕМЕННАЯ КАЗАХСТАНСКАЯ КУЛЬТУРА
В ГЛОБАЛЬНОМ МИРЕ»

Алматы, Казахстан, 7 апреля 2018 года

V INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 3-13 April 2018

MATERIALS

International scientific conference
«MODERN KAZAKHSTANI CULTURE IN
THE GLOBAL WORLD» Almaty, Kazakhstan, 7 April 2018

<i>Бағашаров Қ.С., Шалабаев Қ.К.</i>	
Мемлекет пен дін қатынастарының қалыптасу ерекшелігі	82
<i>Борбасова Қ.М., Мустафина Ж.Д.</i>	
Қазіргі діни санадағы рәміздің орны	84
<i>Масалимова Ә.Р., Басқынбаева Н.К.</i>	
Қазақ мәдениетіндегі әйел образының трансформациясы: Абайдың Әйгерімінен Байзақова Айжанға дейін	88
<i>Масалимова Ә.Р., Даулетова Г.О.</i>	
Мемлекеттік рәміздердің қоғамдық сананы қалыптастырудағы ықпалы.....	91
<i>Тұрар А.</i>	
Діни символизм.....	93
<i>Жүзей М.А.</i>	
Ислам діні және ұлттық рухани құндылықтар.....	96
<i>Мухитдинов Р.С., Байзақ М.М.</i>	
Тақырыптың танымдық моделі	98
<i>Сакмурзаева А.К.</i>	
Постмодернизм және оның мәдениетке ықпалы	101

СЕКЦИЯ 3

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ГЕНДЕРОЛОГИЯСЫ/ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ГЕНДЕРОЛОГИЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА

<i>Бегалинова К.К., Ашилова М.С., Бегалинов А.С.</i>	
Космоцентрическое мировоззрение как фундамент казахской культуры.....	104
<i>Тинасилов М.Д., Узакова С.А., Дүйсебаев Б.Ш.</i>	
Социальная защита населения в условиях семейной сплоченности общества РК.....	107
<i>Тінәсілов М. Д., Үркүмбаева Ә. Р., Ұзақова С. А.</i>	
Қазіргі «Қазақстан – 2050» әлеуметтік және саяси жағдайларын рухани жаңғырту	110
<i>Курманалиева А.Д., Тунгатова У. А.</i>	
Рухани жаңғыру аясындағы дінтанулық білімнің өзектіленуі	112
<i>Бағашаров Қ.С., Шайкенова Р.С.</i>	
Хиджаб тағу мәселесі	115
<i>Мухитдинов Р.С., Үйсембаев Б.А.</i>	
Әдет-ғұрып және оның пәтуа шығарудағы орны	119
<i>Найзабаева Г.А.</i>	
Рухани жаңғыру: «Жібек Жолы» өркениеті.....	123
<i>Kurmanalieva A.D., Orinbekov N.O.</i>	
The spread of Islam in the Kazakh society at the end of XIX century.....	125
<i>Затов Қ.А., Болысбаева А.</i>	
Исламдағы гендерлік теңдік мәселесі	129

СЕКЦИЯ 4

ҚАЗАҚСТАННЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ/ САКРАЛЬНЫЕ МЕСТА КАЗАХСТАНА В ДУХОВНОМ ВОЗРОЖДЕНИИ

<i>Габитов Т.Х.</i>	
Диалог цивилизаций и сакральная культура тюрков	132
<i>Жолдубаева А.К., Құлумжанов Н. Е.</i>	
Мировоззрение как отражение духовного мира древних тюрков.....	135
<i>Алейников М.В.</i>	
Историко-культурное значение литературно-мемориального дома-музея Ф.М. Достоевского в городе Семей	140
<i>Ашилова М.С., Бегалинова К.К., Бегалинов А.С.</i>	
Тотемизм протоказахов: сущность и особенности	144
<i>Кулахметова М.С., Сматулаева А.</i>	
The history of formation of methodists church in Pavlodar	148
<i>Begalinova K.K., Israilova A.</i>	
The spreading of Islam in the Kazakh steppes.....	150

5) қоғамдық келісім мен халық бірлігін нығайту жөніндегі институттардың жаңа инфрақұрылымын қалыптастыру [3].

Мемлекетімізде мәдениет, білім беру, жастар, отбасылық-демографиялық және гендерлік саясат салаларындағы атқарылатын жұмыстар:

- болашағы біртұтас ұлттың негізі ретінде жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі тұжырымдары мен тәсілдерін ілгерілету;

- ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басты шарты ретінде үштілділікті дамытудың инфрақұрылымы мен шарттарын жаңғырту;

- жаңа қазақстандық патриотизм, қазақстандық бірегейлік пен бірлік қағидаттары негізінде білім беру және жастар саясаты саласындағы жұмысты жаңғырту;

- отбасылық-демографиялық және гендерлік саясатты және оның отбасы институтын, ана мен бала құндылықтарын нығайту жөніндегі құндылық негізін жаңғырту;

- экономика мен әлеуметтік еңбекпен қамту сегменттері ретінде мәдениетті, туризмді және спортты дамытудың жаңа стратегиялық тәсілдері;

- бұқаралық дене шынықтыру мен спортты, саламатты өмір салтын танымал ету, ұлттық және олимпиадалық спорт түрлерін дамыту және халықаралық аренада еліміздің спорттағы жетістіктерін көбейту.

Қорыта айтқанда, «Қазақстан – 2050» Тұжырымдаманы мемлекеттік саяси және әлеуметтік іске асырудың халқымыз үшін басты нәтижесі болады.

Сол себепті, қоғамдық келісімді, қазақстандық бірегейлік пен бірлікті одан әрі нығайту, Мемлекетіміз әлемнің дамыған 30 елінің қатарына табысты қосылуы үшін болашағы біртұтас ұлтты қалыптастыру арқылы елімізде әлқұметтік және саяси мәселелерін рухани жаңғыртулары тиіс [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. – Астана, 2006.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашақ іргесін бірге қалайық.-Астана, 2011.
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.- Астана, 2012
4. Тинасилов М.Д., Үрқұмбаева А.Р., Узакова С.А. /Процессы формирования социально-экономического и политического развития образования в Казахстане. Научный и информационный журнал «Наука и инновационные технологии» №4/2017(4)– Бишкек 2017.

**АЙНҰР ҚҰРМАНАЛИЕВА
ҰЛЖАН ТУНГАТОВА**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМНІҢ ӨЗЕКТІЛЕНУІ

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру атты мақаласында «Білімнің салтанат құруы білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді».[1]

Елбасымыздың мақаласына байланысты әр сала өкілі өзінің мамандығына байланысты нақты іс-шараларды қолға алатын болса, нәтижесі аз уақыт аралығында болары анық.

Осы орайда қазіргі таңдағы дінтанулық білім саласындағы мамандар дайындығына дінтанулық білім өзектілігіне мән беру аса маңызды. Дінтанулық ғылым дінді ғылыми позиция мен философияның

әр түрлі бағыты тұрғысынан зерттеп, діни бірлестіктермен байланыссыз, бейтарап зерттеуге бағытталған. Дінді зерттеу, діни мәдениетті қалыптастыру саласында барлық қоғам мүшелеріне арналған зайырлы білім бұл осы деңгейдегі дінтанулық білім болып табылады.

Дінтанулық білімді діни білімнен ажыратып тұратын басты әдіснамалық негіз бұл: ғылымилық, яғни объективтілік және дүниетанымдық бейтараптылық. Діндер және діни бірлестіктер туралы түсіндірме бергенде дінтанулық білім ғылымилық принципін ұстанып, білім алушының бойында белгілі бір дінге деген бағамдық қатынасты қалыптастырмайды, зайырлылық принципін сақталуын көздейді.

Дінтанулық білім беруде зайырлылық принципін сақтау басты міндет болса, діндарлық феномені дінтанулық ғылымдағы зерттеу нысанына түсетін күрделі мәселелердің бірі болып табылады.

Дінтанулық білім берудегі басты мақсат мемлекеттің зайырлығын негізге ала отырып, қазақстандықтардың ұлттық дәстүрге негізделген, салт-дәстүрмен кереғар келмейтін діни санасын қалыптастыруға тұғыр болу. Зайырлылық еліміздің тәуелсіздік алғаннан жариялаған басты принциптеріміздің бірі. Мемлекеттің Ата заңының 1-бабына сай, «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» болып табылады.

Бүгінде діни негіздегі мәселелер зайырлылық принциптерін өзгертуге тырысушылықтан туындап отырғаны да белгілі, сондықтан аталмыш мәселелердің алдын алу діни және дінтанулық білімді дұрыс түсіне білуден бастау алады. Қазақстандағы діни және дінтанулық білім туралы айтқанда ең бастапқы негізделетін құжат бұл Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. Заңда діни білім беру туралы төмендегідей делінген:

рухани (діни) білім беру ұйымдары - дін қызметшілерін даярлаудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары (1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар) және рухани (діни) білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау орта білімі бар адамдар арасынан құрылтайшы белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады (26-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру ұйымдарына қабылдауға қойылатын жалпы талаптар). Бұл жалпы діни білімнің заңдағы көрінісі. Ал дінтанулық білім деген жеке түсініктеме жоқ, себебі дінтанулық білім зайырлы білім болып табылғандықтан, оған ерекше анықтама беріліп тұрған жоқ, сол себепті Заңға сүйенсек,

білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы; (3-бап. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері) және

білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне тыйым салынады. (3-бап. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері)

Елімізде дінтану мамандығына жыл сайын гранттар санының арттырылуы да еліміздегі діни жағдайдың тұрақты болуына ең алдымен ат салысатын мамандар жетіспеушілігінің орнын толтыру мақсатынан туындағаны да белгілі.

Дінаралық мәдениетті қалыптастыруда қазіргі таңда жоғары білікті кәсіби мамандардың рөлі артып отыр. Бұл арада дінтанушыларға атқарылатын жауапкершілік жүгі ауыр. Дінтанушы кез келген мәселеге баға беруде орта жолды ұстау керек, ал орта жолды ұстаудың қиындығы мол. Дін өкілдері әрқайсысы өз тарапынан, сол өзі уағыздайтын діни тарапынан ойын ашық, бүкпесіз айта алады, зайырлы дінтану ғылымының өкілдері субъективтіліктен жоғары болып, дін туралы мәселелерді бағалауда, сараптауда объективтілікті басты принцип ретінде ұстануы тиіс.

Дінтану – діндер туралы ілім болғандықтан, діннің шығуы, мәні және дамуы, діни ілімдер, ғибадаттар және олардың ерекшелігі туралы кешенді білім. Сондықтан дінтануды оқытуда негізгі ұстаным діндер туралы толыққанды ғылыми негізделген тұжырымдар мен әлемдік дінтану саласындағы жетістіктермен нәтижелер баяндалуы тиіс, яғни пәнді қарастыруда нақты-тарихилық және объективтілік басты өлшем. Оқытушының діни наным мен дүниетанымдық ұстанымы негізге алынбауы тиіс.

Осыған байланысты дінтанушы мамандарды дайындауда төмендегідей мәселелерге көңіл аудару қажет: әлемдік және дәстүрлі діндер туралы мәдениеттанулық, тарихи, философиялық білімдердің болашақ тұлғаның рухани адамгершілік тұрғыда қалыптасуындағы рөлін ұғыну; білім беру мазмұнындағы дінтану пәнінің мақсаты мен міндеттерін және дінтанудың негізі теориялық әдістерін білу; дінтану пәні мен діни құндылықтарды оқытуды білім беру және тәрбие берумен ұштастыра білу; дінтану пәнін оқытуды инновациялық технологиялар негізінде іске асыру; ұстаздардың дінтану пәнін ғылыми-теориялық, мәдени-философиялық негізде қарастырудағы педагогикалық шеберлігін көтеру жүйесін айқындау маңызды болып табылады. Сондықтан дінтануды оқытуда негізгі ұстаным діндер

туралы толыққанды ғылыми негізделген тұжырымдар мен әлемдік дінтану саласындағы жетістіктермен нәтижелер баяндалуы тиіс.

Дінтану пәнін білім беру жүйесінде оқыту әлемдік және ұлттық мәдениеттің озық жетістіктерін үйрену мен жас ұрпақтың дүниетанымдық бағыт-бағдарын айқындауда, тұлғаның рухани бітім-болмысын қалыптастыруда өзіндік үлес қосары анық.

Дінтану пәні жас жеткіншектердің әлемдік және дәстүрлі ұлттық діндердің адамзат өркениетінде алатын орны мен атқарар рөлін, діндердің қоғамдық өмірге тигізер ықпал әсерін, діни дүниетанымның құрылымы мен ерекшелігін, қоғамдық сананың мәңгілік формасы ретіндегі діннің атқарар қызметін игеруге және түсінуге мүмкіндік береді. Дінтану пәнін оқытуда діннің пайда болуы және дамуы, қызмет ету заңдылықтарын, адамзат тарихында діннің алуан түрлі феномендерінің көрінуін, діни мәдениеттің басқа салалары мен өзара байланысы мен өзара ықпал әсерін, діндердің рухани әлеуметімен құндылықтарын, ортақ ұстанымдарын және айырмашылықтарын үйрету, діни төзімділік пен келісім қағидаттарын және ұрпақтың санасына рационалды түрде сіңіру жауапкершілікпен атқарылуы тиіс.

Қазіргі кезде Қазақстан республикасында дінтану мамандығына жаңаша серпін берілуге байланысты біршама іс-әрекеттер жасалынуда. Бұл мамандық ғылым жолында өте жас мамандық болғандықтан әлі де атқарылар іс-шаралар баршылық. Осы орайда бірқатар отандық басылымдарда жарыққа шыққаны да белгілі.

Елімізде дінтану саласында жиналған тәжірибені кең түрде қолдану білім беру сапасын жетілдірумен қатар, дінтану пәнінің ұстаздары үшін оқу-әдістемелік көмек болар еді.

Бұл салада осы бағытта бірқатар еңбектер жарыққа шыққанын атап өтсек:

1. Дінтану негіздері. / Байтенова Н.Ж. (авторлық ұжымның жетекшісі), Құрманалиева А.Д., Абжалов С.У., Бейсенов Б.Қ., Затов К.А., Нуржанов Б.Г., Рысбекова Ш.С., Мейрбаев Б.Б., Шубаева Ұ.Қ., Дуйсенбаева А.Қ.: ЖОО-на арналған оқулық. – Алматы: Қазақ Университеті, 2013. – 361.

2. Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар. Байтенова Н.Ж. (құрастырушы) Құрманалиева А.Д., Абжалов С.У., Бейсенов Б.Қ., Затов К.А., Мейрбаев Б.Б. – Алматы, 2010 – 320 б.

3. Дінтану сөздігі. Ежелгі діни наным-сенімдер. Ұлттық діндер. Қазақ халқының дәстүрлі діни ұстанымдары. I Том – Алматы «Қазақ университеті»/ Н.Ж. Байтенова, А.Д. Құрманалиева, Ш.С. Рысбекова, Б.К. Бейсенов, Қ.М. Борбасова, Қ.А. Затов, А.А. Демеуова, С.Ө. Абжалов, Б.Б. Мейрбаев, Қ.Т. Туғанбаев.

4. Дінтану негіздері: Жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың, колледждердің 10-сынып оқушыларына арн. оқулық / Есім Ғ., Артемьев А.И., Қанаев С. ж.б.- Алматы: Білім, 2003.- 155 б.

5. Дінтану негіздері: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арн. оқулық / профессор, академик, авторлық ұжым жет. Ғарифолла Есім ; Әбуов А.П., Бегалинова К.К., Смағұлова Е.М., Жолдыбайұлы Қ., исламтанушы.- Алматы: Білім, 2010.- 312 б.

6. Дінтану сөздігі: Ежелгі діни наным-сенімдер. Ұлттық діндер. Қазақ халқының дәстүрлі діни ұстанымдары. II-том / әл-Фараби атын. ҚазҰУ; құраст.: Н.Ж. Байтенова, А.Д. Құрманалиева, Ш.С. Рысбекова т.б.- Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 396 б.

7. Дінтану сөздігі: Ежелгі діни наным-сенімдер. Ұлттық діндер. Қазақ халқының дәстүрлі діни ұстанымдары. III-том / әл-Фараби атын. ҚазҰУ; құраст.: Н.Ж. Байтенова, А.Д. Құрманалиева, Ш.С. Рысбекова т.б.- Алматы: Қазақ университеті, 2016.- 396 б.

8. Есім Ғарифолла Дінтану негіздері: Жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушыларына, лицейлерге, гимназияларға, колледждерге арналған оқулық.- Алматы: Білім, 2007.- 158 б

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қойылған талаптарды жүзеге асыратын негізгі тетіктерінің бірі ретінде «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы қолға алынғаны белгілі. Осы жоба аясында дінтану мамандығы бойынша британдық философ, публицист, дінтанушы Карен Армстронгтың әлемнің 30-дан астам тіліне аударылып, миллиондаған таралыммен шыққан, дінтанудағы аса қорнекті еңбектің бірі «A History of God: The 4000-year quest of judaism, christianity and islam.» деп аталатын кітабының қазақ тіліне «Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны» деп аударылғаны белгілі. Осы орайда әлемдік құндылық болып табылатын бұл оқулықпен өз ана тілімізде танысуға үлкен мүмкіндік беріліп отыр. Бұл өз алдына болашақ дінтанушы мамандардың әлемдік сахнада өздерін таныта алуына және де әлемдік ғылыми кеңістікті танып білуіне септігін тигізеді.

Дінтану мамандарын даярлаудағы жаңа оқу бағдарламаларының маңыздылығын да атап кету керек. Бүгінгі қазақстандық білім беру жүйесінде бірқатар өзгерістер орын алуда. Оның қажеттілігі

заман сұранысынан туындап отыр. Ұзақ жылдар бойы дәстүрлі қалыптасқан білім беру парадигмалары білім жинақтауға арналып келді. Ендігі жағдайда тек қана білім жинақтаудың бір жақты болатыны байқалып отыр. Әлеуметтік, ақпараттық, технологиялық салалардағы өзгерістер тек білім жинақтау мақсатында алынған білімнің дағдарысын көрсетіп тұр. Оның бірқатар себептері бар, атап айтсақ, білім феноменінің өзінің өзгеруі және оның қоғамдық практикамен байланысының, қарым-қатынасының өзгеруі. Қазіргі кезде ақпарат көзінің жылдам таралуына байланысты, ақпараттың ескіруі де жылдам орын алып отырады. Үнемі жаңарып отыратын ақпараттар легін оқулықтарға енгізудің мүмкін еместігі және оның тиімсіздігі білімге деген басқаша көзқарасты қалыптастыру міндетін алға қояды.

Білім жинақтау парадигмасы дағдарысының тағы бір себебі білім алушының миын көп ақпаратпен толтырудың қажет еместігімен байланысты, себебі ақпараттың жиналуының басқа көздері де жеткілікті. Бұл жерде ең бастысы сол ақпараттарды қолдануға үйрету болып табылады. Мәселенің күрделілігі де сонда. Бұл жерде кез келген маманның алынған білімін ары қарайғы тәжірибесінде қолдана алуы маңызды. Тұлғаның өз бетінше іс-әрекет жасай алуы, оның субъективтілігін дамытуы, өзінің жеке потенциалын әр түрлі әлеуметтік, кәсіби мәселелерді шешуде қолдана алу қабілеттіктерін бере алу керек. Еңбек нарығында қандай маман қажет болады. Әрине, өз бетінше шешім қабылдай алатын, қойылған талапқа, тапсырмаға шығармашылық тұрғысынан келіп, соңында нәтиже көрсете алатын маман қажет. Ондай маман жұмыс берушіден нұсқаулықтар, болмаса, тапсырманы қалай орындау керектігі бойынша сұрақтар қоймай, өз біліктіліктерін көрсетеді.

Дінтанушы мамандарды даярлаудағы жаңа бағдарламалар болашақта әр сала бойынша мамандармен қамтамасыз етілу мүмкіндігін береді. Дәлірек айтсақ, дінтану мамандығы бойынша білім алған студенттер, еңбек нарығына ислам бойынша эксперт-дінтанушы, христиандық бойынша дінтанушы-эксперт, жаңа діни ағымдар бойынша дінтанушы-эксперт және теориялық мәселелер бойынша дінтанушы бағыттарында мамандана алады.

Жоғарыда келтіріп отырған деректер көптеген деректердің бір азғантай тамшысы ғана іспеттес. Алайда алдымызда көптеген жұмыстар тұр. Біздің мақсатымыз бәсекеге қабілетті, өз ісінің білгірі ретіндегі дінтанушы мамандарды даярлау. Осы орайда осы келтірілген деректермен танысу болмаса ол деректердің қандай да бір бөлігін оқу үрдісінде қолдану үлкен жауапты іс болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы: Жеті жарғы, 2007
3. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы, 2007 жылғы 27 шілде
4. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Заңы. <http://adilet.zan.kz>

**ҚҰДАЙБЕРДІ БАҒАШАРОВ
РАЗИЯ ШАЙКЕНОВА**

ХИДЖАБ ТАҒУ МӘСЕЛЕСІ

Хиджаб (араб.: *حجاب* «жасыру», «жабу») - мұсылман әйелінің көшеге шыққанда бетін, денесін жасыру үшін киетін киімі. Ең алғаш Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) әйелдері ғана хиджабпен жүретін болған, кейін барлық мұсылман әйелдері осы салтты ұстанған. Хиджаб мұсылман аймақтарында кең тарады, алайда ауылдық жер мен көшпенді тайпалардың әйелдері көбінесе оны кимеді. Хиджабтың кара немесе басқа түсті ойық яки тор көз сақтауы бар желбегей іспеттісі (бетті немесе бүкіл денені жауып тұратын), бетті жауып тұратын кара селдір тор шымылдық секілді және т.б. түрлері болады.

Орамал тағып, ұзын киім кию үрдісі – тосырқап, таңдана кейде түсінбей, тіпті жатырқай да жақтырмай да қарайтын тосын құбылыс емес. Ең алдымен, киім киюдің бұл үлгісі – ислам діні әкелген жаңалық емес. Бұл үрдіс еврей мен христиан дінінде де, корей, жапон секілді көне мәдениеттерде де бар. Мысалы, еврей хахамы Менахем М.Брейер («Йешива» университетінде киелі кітап әдебиетінің профессоры) еврейлік дін құқығы бойынша әйелдерінің орамал тағуға тиісті екенін айта келе, кейбір танымал раввиндерінің мынандай сөздерін келтірген: «Еврей қыздарына орамалсыз сыртқа шығу жараспайды», «Әйелдерінің орамалсыз жүруіне рұқсат еткен еркектерді қарғыс атсын!», «Еркектерге ұнау үшін басын ашып жүрген әйелдер жоқшылық әкеледі». Әйелдің орамалсыз жалаңбас жүруі жалаңаш жүруімен тең саналғандықтан, иудаизм діні орамалсыз жүрген әйелдің жанында дұға сияқты ғибадаттарды жасауға тыйым салады. Еврей діні бойынша, орамал тағу әйелдің абыройы мен беделін, әлеуметтік жағдайын білдіреді. Сондықтан төменгі таптағы әйелдер жоғарғы таптағы әйелдердің